

**2019 жылға ата-анасынан кәмелеттік жасқа толғанға дейін айырылған немесе ата-анасының қамқорлығынсыз қалған, білім беру ұйымдарының түлектері болып табылатын жастар қатарындағы азаматтарды, бас бостандығынан айыру орындарынан босатылған адамдарды, пробация қызметінің есебінде тұрған адамдарды жұмысқа орналастыру үшін жұмыс орындарына квота белгілеу туралы**

Шығыс Қазақстан облысы Алтай ауданы әкімдігінің 2019 жылғы 16 мамырдағы № 212 қаулысы. Шығыс Қазақстан облысының Әділет департаментінде 2019 жылғы 21 мамырда № 5963 болып тіркелді

**Р Қ А О - н ы ң е с к е р т п е с і .**

**Құжаттың мәтінінде түпнұсқаның пунктуациясы мен орфографиясы сақталған**

Қазақстан Республикасының 2014 жылғы 5 шілдедегі Қылмыстық-атқару кодексінің 18 - бабы 1 - бөлігінің 2) тармақшасына, "Халықты жұмыспен қамту туралы" Қазақстан Республикасы 2016 жылғы 6 сәуірдегі Заңының 9 - бабының 7), 8), 9) тармақшаларына, "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 31 - бабы 1 - тармағының 14-1), 14-3) тармақшаларына, "Ата-анасынан кәмелеттік жасқа толғанға дейін айырылған немесе ата-анасының қамқорлығынсыз қалған, білім беру ұйымдарының түлектері болып табылатын жастар қатарындағы азаматтарды, бас бостандығынан айыру орындарынан босатылған адамдарды, пробация қызметінің есебінде тұрған адамдарды жұмысқа орналастыру үшін жұмыс орындарын квоталау қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрінің 2016 жылғы 26 мамырдағы № 412 бұйрығына ( Нормативтік құқықтық актілердің мемлекеттік тіркеу Тізілімінде № 13898 болып тіркелген) сәйкес, Алтай ауданының әкімдігі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. Осы қаулыға 1 - қосымшаға сәйкес 2019 жылға ата-анасынан кәмелеттік жасқа толғанға дейін айырылған немесе ата-анасының қамқорлығынсыз қалған, білім беру ұйымдарының түлектері болып табылатын жастар қатарындағы азаматтарды жұмысқа орналастыру үшін квота белгіленсін.

2. Осы қаулыға 2 - қосымшаға сәйкес 2019 жылға бас бостандығынан айыру орындарынан босатылған адамдарды жұмысқа орналастыру үшін квота белгіленсін.

3. Осы қаулыға 3 - қосымшаға сәйкес 2019 жылға пробация қызметінің есебінде тұрған адамдарды жұмысқа орналастыру үшін квота белгіленсін.

4. Осы қаулы алғаш ресми жарияланған күннен кейін он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

**2019 жылға ата-анасынан кәмелеттік жасқа толғанға дейін айырылған немесе ата-анасының қамқорлығынсыз қалған, білім беру ұйымдарының түлектері болып табылатын жастар қатарындағы азаматтарды жұмысқа орналастыру үшін жұмыс орындарына квота белгіленетін ұйымдардың тізбесі**

№ р/с	Ұйымның атауы	Жұмыскерлердің тізімдік саны	Квота мөлшері (% ұйым жұмыскерлерінің тізімдік санынан)	Жұмыс орындарының саны, адамдар
1	2	3	4	5
1	"Алем-Ойл" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі	60	1	1
2	Шығыс Қазақстан облысының білім басқармасының "№ 1 түзеу мектеп-интернаты" коммуналдық мемлекеттік мекемесі	100	1	1
3	"Алтай ауданының мүгедектер және қарттарға әлеуметтік қызмет көрсету аумақтық орталығы" коммуналдық мемлекеттік мекемесі	147	2	3
4	"АБК Автодор НС" жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің Зырян филиалы	40	2	1

Алтай ауданы әкімдігінің 2019  
жылғы 16 мамырдағы  
№ 212 қаулысына 2 қосымша

**2019 жылға бас бостандығынан айыру орындарынан босатылған адамдарды жұмысқа орналастыру үшін жұмыс орындарына квота белгіленетін ұйымдардың тізбесі**

№ р/с	Ұйымның атауы	Жұмыскерлердің тізімдік саны	Квота мөлшері (% ұйым жұмыскерлерінің тізімдік санынан)	Жұмыс орындарының саны, адамдар
1	2	3	4	5
1	"Алем-Ойл" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі	60	1	1
2	Алтай ауданы әкімдігінің "Жылы-су орталығы" коммуналдық мемлекеттік кәсіпорны	872	1	9
3	"Бұқтырма цемент компаниясы" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі	728	1	7
4	"Алтай Тәртіп" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі	69	1	1

5	"АБК-Автодор НС" жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің Зырян филиалы	40	2	1
---	--	----	---	---

Алтай ауданы әкімдігінің 2019 жылғы 16 мамырдағы № 212 қаулысына 3 қосымша

## 2019 жылға пробація қызметінің есебінде тұрған адамдарды жұмысқа орналастыру үшін жұмыс орындарына квота белгіленетін ұйымдардың тізбесі

№ р /с	Ұйымның атауы	Жұмыскерлердің тізімдік саны	Квота мөлшері (% ұйым жұмыскерлерінің тізімдік санынан)	Жұмыс орындарының саны, адамдар
1	2	3	4	5
1	"Алем-Ойл" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі	60	1	1
2	Алтай ауданы әкімдігінің "Жылы-су орталығы" коммуналдық мемлекеттік кәсіпорны	872	1	9
3	"Бұқтырма цемент компаниясы" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі	728	1	7
4	"Алтай Тәртіп" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі	69	1	1